

Ә. Сақбекова, С.Ш. Мұсатаев*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: mceka@mail.ru

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТРАНСҰЛТТЫҚ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДІҢ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ

Қазіргі әлемде жаһандану үдерістерінің күшеюі, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың тереңдеуі, мемлекетаралық шекаралардың ашықтығы, репатриациялық саясаттың жүзеге асырылуы, заманауи жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы халықаралық көші-қон үдерістерінің қарқынды жүруіне және трансұлттық этникалық бірегейленуге ықпал етті. Диаспораның өзін-өзі анықтау мәселесі трансұлттық болып табылады, өйткені диаспора мен тарихи отан арасындағы байланыстар әртүрлі ұлттық-аумақтық және мемлекеттер арасындағы қатынастарды қамтиды. Осының нәтижесінде шетелдік диаспораларды тарихи отанымен байланыстыратын желілер құрылуда, трансұлттық ұйымдар мен бірлестіктер құрылып, халықаралық деңгейде қызмет ететін саяси акторлар туындауда. Осындай саяси процестің жарқын мысалдарының бірі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылуы мен қызмет етуі болып табылады.

Мақалада этникалық бірегейліктің трансұлттық деңгейде жүру ерекшеліктері, әлемдік тәжірибесі мен қазақстандық үлгісі талданып жаһандану жағдайындағы ұлттық-мәдени сәйкестікті қалыптастыру және сақтау мәселесі этносаяси тұжырымдамалар тұрғысынан қарастырылады. Әлем елдерінде шашырай қоныстанған бес миллионнан астам қазақ диаспорасы Қазақстанды дамытуға үлес қоса алатын әлеуетті күш, шетелдік қазақтармен рухани-мәдени қарым-қатынас жасаудан бастап экономикалық ынтымақтастық орнатуға дейінгі аралықтағы өзекті мәселелері көтеріледі, осы бағыттағы жұмыстарды дамытуға септігін тигізетін ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: көші-қон саясаты, ұлт саясаты, диаспора, ирридента, ынтымақтастық, тарихи отан, репатриация, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, қандастар.

A. Sakbekova, S. Mussataev *

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: mceka@mail.ru

The World Association of Kazakhs as a model of transnational ethnic identifications

The intensification of globalization processes in the modern world, the deepening of relations between states, the openness of interstate borders, the implementation of repatriation policy, the emergence of new modern information technologies have contributed to the acceleration of international migration processes and transnational ethnic identity. The problem of self-determination of the diaspora is transnational, since the ties between the diaspora and the historical homeland include various national-territorial and interstate relations. As a result, networks are being created linking foreign diasporas with their historical homeland, transnational organizations and associations are being created, political actors operating at the international level are being created. One of the striking examples of such a political process is the creation and functioning of the World Association of Kazakhs.

The article analyzes the peculiarities of the course of ethnic identity at the transnational level, world experience and the Kazakh model, considers the problem of formation and preservation of national and cultural identity in the context of globalization from the standpoint of ethnopolitical concepts. Topical issues are raised from spiritual and cultural interaction with foreign Kazakhs to economic cooperation, potential forces that can contribute to the development of Kazakhstan, more than five million disparate Kazakh diasporas in the countries of the world, proposals are given that contribute to the development of work in this direction.

Key words: migration policy, national policy, diaspora, irridenta, cooperation, historical homeland, repatriation, World Association of Kazakhs, compatriots.

А. Сақбекова, С.Ш. Мұсатаев*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: mceka@mail.ru

Всемирная ассоциация казахов как модель транснациональной этнической идентификации

Усиление процессов глобализации в современном мире, углубление отношений между государствами, открытость межгосударственных границ, реализация репатриационной политики, появление новых современных информационных технологий способствовали ускорению международных миграционных процессов и транснациональной этнической идентичности. Проблема самоопределения диаспоры является транснациональной, так как связи между диаспорой и исторической родиной включают в себя различные национально-территориальные и межгосударственные отношения. В результате создаются сети, связывающие зарубежные диаспоры с исторической родиной, создаются транснациональные организации и объединения, создаются политические акторы, действующие на международном уровне. Одним из ярких примеров такого политического процесса является создание и функционирование Всемирной ассоциации казахов.

В статье анализируются особенности протекания этнической идентичности на транснациональном уровне, мировой опыт и казахстанская модель, рассматривается проблема формирования и сохранения национально-культурной идентичности в условиях глобализации с позиций этнополитических концепций. Поднимаются актуальные вопросы от духовно-культурного взаимодействия с зарубежными казахами до экономического сотрудничества, потенциальные силы, которые могут внести вклад в развитие Казахстана, более пяти миллионов разрозненных казахских диаспор в странах мира, даются предложения, способствующие развитию работы в данном направлении.

Ключевые слова: миграционная политика, национальная политика, диаспора, ирригента, сотрудничество, историческая родина, репатриация, Всемирная ассоциация казахов, соотечественники.

Кіріспе

Қазіргі заманғы көптеген ұлттық мемлекеттер үшін өзекті болып отырған мәселелердің бірі – түрлі тарихи жағдайларға байланысты қандастардың (ұлттық шығу тегі бірдей, бір кездері сол мемлекеттің аумағында өмір сүрген адамдар) өздерінің тарихи отандарынан тыс жерде өмір сүруі. Жаһанданған әлемге тән белгі – көші-қон процестерінің күшеюі болып табылады. Жаһандану әлем елдерінің бір-біріне ашықтығы мен ынтымақтастығына негізделген, сондықтан жаһандану жағдайында миллиондаған адамдардың дамыған елдерден жақсы өмір іздеп, өз отандарынан шет елдерге көшіп-қонуы үйреншікті жағдайға айналды. Соңғы елу жылда халықаралық мигранттардың саны үш есеге жуық өсті. Егер 1960 жылы бүкіл әлемде өз елінен тыс жерде тұратын 75,5 миллион адам болса, 2000 жылы – 176,6 миллион, ал 2009 жылдың соңында олар 213,9 миллионға жетті. Әлемдегі халықаралық мигранттардың саны 2019 жылы 272 миллион адамға жетті, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 51 миллионға көп. БҰҰ сарапшыларының бағалауы бойынша, қазіргі уақытта жер шарының әрбір 35-ші тұрғыны халықаралық мигрант болып табылады, ал

дамыған елдерде – әрбір оныншы тұрғын мигрант (United nation.: 2020).

XXI ғасырдың басында Иерусалим университетінің профессоры Г. Шеффер әлемдегі ең танымал диаспоралардың санын анықтауға тырысты. Оның есептеулеріне сәйкес, «Тарихи» деп аталатын (яғни, ежелден бері бар) диаспоралардың ең үлкені – Қытай – 35 миллион адам, Үнді – 9 миллион, еврей және сығандар – 8 миллион, армяндар – 5,5 миллион, грек – 4 миллион, неміс – 2,5 миллион, друз диаспорасы – 1 миллион адам (Sheffer, G.: 2003). Ол бұдан бөлек африкалық-америкалық 25 миллион адам, күрд – 14 млн., ирланд – 10 млн., итальян – 8 млн., венгр және поляк – 4,5 млн., түрік және иран – 3,5 млн., жапон – 3 млн., ливан (христиан) – 2,5 млн. адам құрайтын көптеген диаспоралар бар екенін айтады (Шеффер, 2003). Бұлардың арасында шетелдерде тұратын бес миллионнан астам қазақ диаспорасы бар екенін де ұмытпауымыз керек.

Қазіргі кезде диаспора саясатының объектісі ғана емес, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатында ерекше рөл ойнайтын халықаралық қатынастардың субъектісі болып табылады, сондықтан қазіргі кезеңде саяси ғылымда диаспоралардың халықаралық қатынастарға әсер ету мәселесін зерттеу ерекше қызығушылық туды-

рады. Бұл саяси тәжірибені талдау мен қорыту арқылы ұлт саясаты мен көші-қон саясатын жетілдіруге қажетті сабақтар алуға болады.

Мақала тақырыбын таңдау мен мақсат-міндеттерді негіздеу

Диаспоралар мен трансұлттық этникалық бірегейліктің қалыптасып даму үдерістері – жалпы қоғамдық ғылымдардың күрделі проблемаларының бірі. Бір жағынан, бұл отаршылдыққа дейінгі, отарлық және кеңестік кезеңдердегі саяси-тарихи оқиғаларға, оларды әртүрлі талдау мен бағалауға байланысты. Бұл мәселе ғылыми қызығушылық пен қоғамдық-саяси маңыздылықты ғана білдірмейді, диаспоралар тарихын зерделеу мен трансұлттық этникалық бірегейліктің ерекшеліктерін саяси талдау қазіргі қоғамдағы полиэтникалық үдерістердің терең тамырлары туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға да ықпал етеді.

Этносаралық өзара іс-қимыл және мемлекетаралық қатынастар жүйесі, әртүрлі елдерде мекендейтін этностық диаспоралардың бір-бірімен және тарихи отанымен тығыз қарым-қатынастар орнатуы трансұлттық этникалық қоғамдастықтардың қалыптасуы мен дамуына себепші болады. Қазіргі таңда тарихи отаны, қоныстанған мекен елі және диаспора арасындағы өзара іс-қимыл әртүрлі түсіндіріледі. Жаһандану жағдайында осы процестерді қарастыратын тұжырымдаманы кеңейту үрдісі байқалады, жаһандану мемлекеттік шекаралардың біртіндеп жойылуымен және тауарлардың, адамдар мен идеялардың еркін ағындарының белсенді жүруімен сипатталады. Осыған байланысты, қазіргі кезеңде көптеген ұғымдар қайта қарауды және жаңаша зерттеуді қажет етеді, олардың ішінде этникалық трансұлттық кеңістік, мигранттар қауымдастығы және диаспора ұғымдары да бар. Қазіргі уақытта «диаспора» терминін қолдану жиілігі айтарлықтай өсті, бұл ұғымның мағынасы айтарлықтай жаңа мәнге ие болды. Қазіргі заманғы диаспоралар – бұл белгілі бір этномәдени дәстүрлердің тасымалдаушысы болып табылатын тарихи қалыптасқан қауымдастықтардың өмір сүру нысаны мен тетігі ғана емес, сонымен бірге саяси құрал болып табылады. Бұл жағдай диаспоралар актор ретінде әрекет ететін саяси және құқықтық өрісті анықтауды, сондай-ақ, трансұлттық деңгейде диаспоралық бірлестіктер ұстанатын ойын ережелерін белгілеуді, оларға қатысты жүргізілетін мемлекеттік саясаттың басымдықтарын анықтауды талап етеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасымен қарым-қатынас жасауы, әлем елдерінің шетелдік диаспораларымен ынтымақтастық орнатуы, олардың әлеуетін тарихи отандарын дамытуға ұтымды пайдалану тәжірибесінен Қазақстан да көп сабақ ала алады. Өйткені шетелдерде тұратын қазақ диаспорасының саны бес миллионға жуық. Жер бетіндегі қазақтың жалпы саны 17 миллионнан асатынын ескерсек, әрбір төртінші қазақ шетелдік (диаспора немесе ирредента). Шетелдік қазақ диаспорасы да өздерінің тарихи отанын дамытуға ынталы, атамекен Қазақстанды жаңғыртуға олардың да қосар үлесі зор, әлеуеті де баршылық. Тек осы бағытта еліміз тарапынан дұрыс ұстаным, тиімді саясат жүргізе білуіміз қажет. Бұл өз кезегінде осы зерттеу тақырыбын таңдаудың қажеттілігін анықтайды.

Бұл зерттеудің мақсаты – трансұлттық этникалық бірегейліктің әлемдік тәжірибесін салыстырмалы талдау, шетелдік қазақтардың трансұлттық деңгейдегі этникалық және азаматтық бірегейлігі, қазақ диаспорасының өздерінің тарихи отанымен өзара іс-қимылы, шетелдік этникалық қазақтардың атамекенге оралуына Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының тигізген ықпалын талдау.

Зерттелетін мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылған:

– трансұлттық этникалық бірегейліктің қалыптасуындағы тарихи кезеңдер мен алғышарттарды, сандық және сапалық ерекшеліктерін, өзекті мәселелерін анықтау;

– әлем елдерінің шетелдегі диаспораларға қатысты жүргізіп отырған саясатының ерекшеліктерін, шетелдердегі диаспораның тарихи отандарын дамытуға қосып жатқан үлестерін талдау;

– трансұлттық этникалық бірегейліктің әлемдік тәжірибесін қорытып, әлемдегі қазақ диаспорасы мен ҚР арасындағы қарым-қатынастардың дұрыс жолға қойылуы мен дамытуға сабақ алу.

Зерттеу бағыты көші-қон саласындағы ұлттық мүдделерді қорғау, диаспора мәселесі, әлемдік және ұлттық экономикадағы диаспоралардың орны мен рөлі, диаспораға қатысты мемлекеттік саясат.

Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Зерттеудің нәтижелері қазіргі көші-қон теориясы мен диаспора теориясының негізін құрайтын фактологиялық материалды толықтыра алады. Шетелдегі диаспораның мысалында жасалған салыстырмалы талдау қорытындылары Қазақ-

стан үшін тиімді сабақ алуға көмектеседі. Диаспоралардың ішкі саяси процестерге және мемлекетаралық байланыстар жүйесін дамытуға әсері байыпты ғылыми талдауды қажет етеді. Зерттеу нәтижелері көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты айқындайтын қызметтер үшін практикалық жағынан пайдалы болуы мүмкін.

Ғылыми зерттеу әдістемесі. Осы зерттеудің әдіснамалық негізі тарихилық қағидаты, жүйелік және салыстырмалы талдаулар болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тарихи тәсіл этнологияның кейбір арнайы ғылыми әдістерімен, сондай-ақ оның субдисциплиналарымен: этносаясат, этноәлеуметтану және этнопсихологиямен бірге қолданылады.

Бұл тәсілдің әдіснамалық алғышарты халықаралық құқық, саясаттану және экономика саласындағы зерттеулер болды. «Трансұлттық» ұғымын 1970-ші жылдары халықаралық құқық саласындағы мамандар сол кезеңде пайда болған халықаралық үкіметтік емес ұйымдарды және олар құрған мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің жаңа түрлерін белгілеу үшін. Алғашқылардың бірі болып «транс ұлтшылық» және «трансұлттық акторлар» терминдерін Джозеф С. Най және Роберт О. Кеохейн саясаттану мен халықаралық қатынастарды енгізді. Олар бұл терминдерді ірі үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық белсенділігіне сілтеме жасау үшін қолдануды ұсынды (Keohane, Nye 1971).

Дж. Най мен Р. Кеохейннің идеялары трансұлттық қауымдастықтарды зерттеу бағдарламасын жасауға белсенді қатысқан беделді британдық әлеуметтанушы Мартин Элброудың еңбектерінде одан әрі дамыды. М. Элброу мемлекеттік және аумақтық шекаралардан тыс трансұлттық өзара іс-қимылдарды айқындауда оны халықаралық қатынастардан ажырату керек деген ұстанымда болды. Оның айтуынша, халықаралық қатынастар – бұл егемен мемлекеттер мен олардың өкілдерінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени байланыстары. Алайда, мемлекеттер жабық әлеуметтік кеңістік ретінде әрекет етеді, халықаралық қатынастар аумақтық бөлінуге тәуелді, оның мәні бүкіл әлемге таралған жеке адамдар мен этникалық топтардың трансұлттық өзара әрекеттесуіне қарама-қайшы келеді.

XX ғ. соңында иммигранттардың туып-өскен елдерімен көп өлшемді саяси, экономикалық, этникалық және мәдениаралық өзара әрекеттесуінің ашылуына байланысты «трансұлттық» ұғымы әлеуметтану мен антропологияға енді.

Бұған халықаралық көші-қон мәселесімен айналысқан америкалық антропологтар Нина Глик-Шиллер, Линда Баш және Кристина Сэнтон-Блэнк маңызды үлес қосты.

Ал америкалық әлеуметтанушы Алехандро Портес эмигранттар, иммигранттар мен атамекенде қалған адамдар құрған байланыстарды «трансұлттық қауымдастықтар» деп атауды ұсынды.

Трансұлттық диаспора мәселесінің теориялық қырларын ашу мен әлемдегі қытайлық диаспораның ықпалы туралы қолданбалы талдау жасауда Дж. Армстронг, Р. Брубейкер, Н. Гарднер, М. Дабаг, Б. Кео, Дж. Клиффорд, У. Коннер, Р. Коэн, А. Райдер, Ж. Сан, У. Сафран, Х. Тололян, М. Тюно, Г. Шеффер, М. Эсман сияқты батыс зерттеушілерін, ал ТМД ғалымдарының ішінен В.И. Дятлов, Т.С. Илларионова, В.В. Кочетков, В.Ю. Калинин, З.И. Левин, А.В. Милитарев, Т.В. Полоскова, В.Д. Попков, В.А. Тишков, Ж.Т. Тощенко, Т.И. Чаптыкова сияқты диаспора мәселелерімен айналысатын көптеген зерттеушілерді атап өтуге болады.

Қазақстандық ұлт саясатын зерттеушілер де диаспора мәселесін назардан тыс қалдырмайды: А. Айталы, Р.Б. Әбсаттаров, С.М. Борбасов, М.Ж. Жолдасбеков, Ә.С. Кәукенов, Г.Н. Ким, Р.Қ. Қадыржанов, Ә.С. Қайдарова, Т.А. Мамашев, Г.М. Меңдіқұлова, Н. Мұқаметханұлы, А. Мұқибек, Ж. Мырзахан, Д.В. Мен, Г.Ө. Насимова, Н.В. Романова, Т.С. Сәрсенбаев, М. Сеңгірбай, К.Л. Сыроежкин, М.Б. Тәгімов, Ж. Шәкенұлы, К.Ш. Хафизова сияқты көптеген отандық зерттеушілер осы мәселені қарастырды.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріндегі нәтижелері біздің зерттеу тақырыбымыздың теориялық-әдіснамалық мәнін ашуға септігін тигізді.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары. Диаспораның трансұлттық зерттеулері азаматтық тұрғысынан қазіргі саяси философияда қарастырылған жеке тұлғаның атамекенмен байланысы мен оралуын (репатриация) талдауды қамтиды.

Тікелей мағынада, күнделікті қолданыста «трансұлттық» («транс» – орын ауыстыру, «нация» – ел, транснационализм) – бұл бір нәрсені бір елден екінші елге ауыстыру процесі (Чинь Тхи Тхуй Линь). Транснационализм ғылыми зерттеулердің перспективалары тұрғысынан қарастырылатын құбылыс ретінде өте әртүрлі жағдайларды сипаттау үшін негіз бола алады.

Бөлінген халықтар (трансұлттық этникалық топтар) қоныстану аумақтары мемлекеттік шека-

ралармен бөлінген халықтар (этностар). Мысалы, этникалық қазақтар Қазақстанмен көршілес Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты елдермен қатар алыс шетелдерде де кездеседі, сол сияқты, қырғыздар, өзбектер, ұйғырлар т.б. ҚХР-да, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстанда тұрады т.б.

«Трансұлттық» терминін ХХ ғасырдың басында жазушы Рандольф Борн мәдениеттер арасындағы қарым-қатынас туралы ойлаудың жаңа тәсілін сипаттау үшін қолданып, танымал еткен. Мерриам-Вебстердің сөздігінде «трансұлттық» термині алғаш рет баспасөзде 1921 жылы қолданылған, яғни Р. Борн қайтыс болғаннан кейін қолданысқа енген деп мәлімдейді (**Мерриам-Уэбстер, 2020**).

«Трансұлттық азаматтық» идеясы қазіргі заманғы француз философтарының бірі Э. Балибардың жұмысында қарастырылды. Балибар ашық шекаралары бар Еуропаны құруды жақтады. Трансұлттық құбылысты зерттеумен айналысатын ірі ғылыми орталықтар мен институттар Еуропаның көптеген елдерінде пайда болды. Германиядағы Берлин трансұлттық зерттеулер жоғары мектебі (Berlin Graduate School for Transnational Studies) және Канададағы Торонто университетіндегі диаспоралар мен трансұлттық зерттеулерді зерттеу орталығы (Center of Diaspora and Transnational Studies) ең танымал болып табылады.

Олар мұны әртүрлі тәсілдермен түсіндіруге тырысты. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, трансұлттықтың негізгі қозғаушы күші – қарым-қатынастарды қол жетімді ететін көлік пен байланыс технологияларының дамуы болды, осылайша адамдар мен географиялық мекендер арасындағы қарым-қатынасты түбегейлі өзгертті. Енді иммигранттар бұрынғыға қарағанда өздерінің туған жерімен, өскен ортасымен, бұрынғы үйреншікті қоғамдарымен тығыз және жиі байланыста бола алады.

Кейбір зерттеушілер шетелдегі қытайлар сияқты диаспоралар қазіргі трансұлттықтың тарихи бастаушылары деп есептейді. Алайда, транснационалистік өмір салтын ұстанатын кейбір дәулетті адамдардан айырмашылығы, диаспоралардың көпшілігі ерікті емес еді. Қазіргі кезде шетелдік трансұлттық диаспоралар саясат саласында айтарлықтай салмақ пен әлеуетке ие, олар тарихи отандарындағы ғана емес, түрлі шетелдердегі саяси қайраткерлер мен саяси күштерге әсер ете алады. «Трансұлттылық» термині арқылы этникалық топтардың өзіндік са-

яси, әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелерін шешуіне, мақсат-мүдделерін қорғауына жаһандық өлшем беріліп отыр. Шетелдерден пана іздеген босқындар, қоныс аударған мигранттар мен диаспоралар әлемдік, аймақтық және мемлекеттік саясаттар деңгейлерінде ықпалды күшке айналып отыр. Әсіресе ксенофобияға қарсы қозғалыстар (нәсілдік кемсіту, діни немесе ұлттық дискриминация, әлеуметтік дау-жанжалдар) соңғы кездері халықаралық сипат алып кетуде. Оған дәлел ретінде АҚШ басталып, бүкіл әлемге таралған «Black Lives Matter» қозғалысын алсақ болады, бұл нәсілшілдік пен қара нәсілділерге жасалатын зорлық-зомбылыққа, әсіресе бұл полицияның зорлық-зомбылығына қарсы тұратын трансұлттық қозғалысқа айналды. Оған дейінгі кезеңде Мьянмадағы рохинджа этникалық тобына жасалған геноцидке, Қытайдың Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданындағы мұсылман-түркі халықтарына қатысты жүргізіп отырған қатал саясатқа наразылық та осылай халықаралық сипат алған болатын. Халықаралық еңбек бөлінісінің теңсіздігі мен жаһандық капиталдың экономикалық дағдарысы өз кезегінде миграциялық күйзеліске ұласып, трансұлттық қарсыласу мен ынтымақтасудың жаңа түрлерін туындатуда.

Трансұлттылық тұжырымдама теория және тәжірибе ретінде қоғамдық ғылымдар саласындағы маңызды зерттеулердің қайнар көзі болды. Іс жүзінде трансұлттылық дегеніміз – бір елдің ауқымымен шектелмейтін, мемлекеттік шекаралардан асып, шетелдерге өтетін, процестердің, капиталдың немесе жеке тұлғалардың, әлеуметтік-этникалық топтардың, бизнес сектордың және т.б. шекаралардан тыс, трансшекаралық деңгейде жүретін қатынастар мен ынтымақтастықтың ерекше саласы. Жеке адамдар, топтар, институттар мен мемлекеттер жаңа жаһандық кеңістікте бір-бірімен өзара әрекеттесуде, онда ұлттық қоғамдардың мәдени және саяси сипаттамалары дамып келе жатқан көп деңгейлі және көпұлтты қызметпен үйлеседі.

Транснационализм – бұл әрине капиталистік жаһандану үдерісінің бір бөлігі. Транснационализм ұғымы ұлттық мемлекеттердің шекараларынан тыс аумақтағы адамдар мен түрлі институттарды байланыстыратын өзара әрекеттесуді білдіреді. Саяси тәжірибеде дамыған Батыс Еуропа, АҚШ, Канада, Австралия елдері трансұлттық интеграцияның әртүрлі модельдерін жасады:

– «империялық», бір ұлттық мемлекет (нация) үстемдік ететін көпұлтты қоғам (Ұлыбритания

бастаған Ұлттар достастығы (Commonwealth of Nations), 1947 жылға дейін Британ ұлттар достастығы деп аталды);

– «халықтық» (этникалық), қоғамның этникалық бірлігі: бір тіл, бір мәдениет (Германия);

– «республикалық», онда халық (нация) конституциясы мен азаматтығы бар біртұтас саяси қауымдастық ретінде (Франция);

– әртүрлі мәдениеттердің бар екенін және олардың өзара үйлесу мүмкіндігін мойындайтын «көп мәдениетті» (Швеция, Нидерланды, мультикультурализм).

Алайда көптеген дамыған елдердің демографиялық ахуалы мен болашағына халықаралық көші-қонның интеграциялануы трансұлтшылдықтың тағы бір маңызды факторы болып табылады. Арзан жұмыс күшіне деген сұранысты қанағаттандырумен қатар, көші-қон көптеген индустриалды дамыған елдердегі халықтың табиғи азаюынан туындаған демографиялық олқылықтардың орнын толтыруда. Бүгінде көші-қон Батыс елдері халқының жалпы өсімінің 3/5 бөлігін құрайды. Алайда бұл үрдіс баяулаудың белгілерін көрсетпейді, керісінше жыл сайын артып барады. Сонымен қатар, жаһандық саяси өзгерістер мен жаңа халықаралық құқықтық режимдер егемен мемлекетті құқықтық монополиядан айырды. Яғни, халықаралық құқық нормалары ұлттық заңнамадан жоғары тұрады. Деколонизация процесі, коммунизмнің құлауы, адам құқықтарының күшеюі егемен мемлекеттердің адамдарды азамат ретінде емес, жеке тұлға ретінде қабылдауға мәжбүр етті. Нәтижесінде жеке адамдар елдегі азаматтық мәртебесіне қарамастан құқықтарға ие.

Неомарксистік көзқарасты ұстанатындар трансұлттықтаптықатынастаржаңаұйымдастырушылық және технологиялық жетістіктермен, трансұлттық өндірістік және қаржылық тізбектердің таралуымен бір уақытта пайда болды деп мәлімдейді. Иммигранттар трансұлттық қызметке қатысқан кезде, олар өздерінің тарихи отанын жаңадан қоныстанған шетелдермен байланыстыратын «әлеуметтік өрістерді» құрады. Бұл әлеуметтік өрістер бірқатар өзара байланысты және өзара қиылысатын экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени шаралардың нәтижесі болып табылады.

XX ғ. 80-ші жылдарының соңында этникалық қатынастарды зерттеушілер иммигранттар қауымдастығын түсіну үшін аймақтық зерттеулерге байланысты диаспора модельдеріне көшті, дегенмен халықаралық ағындардың жеке модельдері

трансұлтшылдықтың бірнеше ағымымен бірге жүре бастады. Алайда, иммигранттар өздерін тарихи отандарымен байланыстыратын мәдени байланыстар, әлеуметтік өрістер жасағанымен олардың өмірі қоныс аударған, тұрақтаған шетелдерде өтеді. Олар қоныс аударған елдегі елдің өзге де тұрғындарынан айрмашылығы жоқ, сол елде тұрады, оқиды, еңбек етеді, салық төлейді т.б., яғни, жаңа қоғамдастықтың теңқұқылы тұрғындарына айналады.

Төл этнос пен диаспораның трансұлттық ынтамақтасу үлгілері. Жаһандану жағдайындағы диаспоралық процестердің трансұлттық сипаты, біздің ойымызша, диаспоралардың трансшекаралық қауымдастықтарға айналуымен тікелей анықталады.

Трансұлттық диаспоралық процестерге келесі қасиеттер тән:

– трансмәдениет (әртүрлі мәдени қауымдастықтарда бір уақытта болу; мәдениетаралық коммуникация);

– трансляция (әлеуметтік ұтқырлық пен бейімделудің жоғары деңгейіне байланысты әлеуметтік медиацияға өте дамыған қабілет пен ұмтылыс);

– диаспоралардың трансұлттық кеңістігі (түрлі елдердегі ұлттық-этникалық бытыраңқылық);

– трансмобильдік – трансұлттық диаспоралық үдерістер (көші-қон және орын ауыстыру, түрлі ұлттық-мемлекеттік және ұлттық-мәдени қоғамдастықтардағы диаспораландыру, кеңістіктік ұтқырлық, трансұлттық көші-қонның әртүрлі түрлеріне қабілеттілік);

– трансмемлекеттік (қандай да бір дәрежеде әртүрлі ұлттық-мемлекеттік құрылымдарға жататындығы);

– трансшекаралық (трансшекаралық және шекаралас аймақтарда диаспоралық қауымдастықтардың болуы).

Дүниежүзілік Еврей Конгресі (World Jewish Congress, WJC) – еврей ұйымдарының халықаралық бірлестігі. Конгресстің саяси міндеті – диаспораларда (Израиль мемлекетінен тыс) тұратын барлық еврейлердің өкілдігі.

Дүниежүзілік еврей конгресін 1936 жылы 13 тамызда Женева қаласында Нахум Голдман және 32 елден келген еврей қауымдастықтарының өкілдері құрды. Оның ұйғарымынша, Дүниежүзілік Еврей Конгресінің басты мақсаты – «еврей халқының дипломатиялық қолы» ретінде әрекет ету болды. WJC-ке мүшелік еврейлерді қабылдаушы елдің әлеуметтік, саяси немесе

экономикалық идеологиясына қарамастан, барлық еврейлік топтардың немесе қауымдастықтары өкілдері үшін ашық [Carolyn Yeager, 2017].

WJC бес аймақтық бөлімнен тұрады: Солтүстік Америкадағы WJC, Латын Америкасындағы Еврей Конгресі, Еуропалық Еврей Конгресі, Еуро-Азиялық Еврей Конгресі және Израильдегі WJC. Сонымен қатар, 100-ден астам елдердегі еврей ұйымдарының тармақтары Дүниежүзілік Еврей Конгресімен тікелей байланысты.

Орыс әлемі – көптеген мән-мағыналары бар, пәнаралық сипатқа ие ұғым. Бұл тұрғыда ғылыми әдебиеттерде үш негізгі теориялық көзқарас қалыптасқан – мәдени-өркениеттік, геосаяси және діни. «Орыс әлемі» терминінің өзі заңды анықтамаға ие емес, ол әртүрлі авторларға интеграциялық жобаны немесе диаспоралық стратегияны, өркениет орталығын немесе «орыс идеясын», саяси технологияны немесе идеологияны және т.б. білдіруге мүмкіндік береді [Назарова Г.Ф., Фокина А.В., 2015].

2000 жылдардың басынан бастап «Орыс әлемі» тұжырымдамасын Ресей Федерациясының Үкіметі сыртқы саяси доктрина ретінде пайдаланып келеді. Ресейден тыс жерлерде ол көбінесе оның сыртқы саясатымен байланысты, «Орыс әлемінің» негізгі компоненттері – Ресей мен шет елдердегі орыстар (Кочетков В.В., Калинин В.Ю., 2009).

Бүкілқытай федерациясы – Қытай Халық Республикасына (ҚХР) оралған шетелдік қытайлар мен олардың туыстары үшін құрылған ұйым. Бұл ұйым сонымен қатар шетелде тұратын қытайларды Қытай үкіметімен және Қытай Коммунистік партиясымен (ҚКП) байланыстыру, қарым-қатынастарды үйлестіру мақсатында қызмет етеді. Бұл трансұлттық ұйым Қытай Халықтық саяси консультативтік конференциясының ұлттық комитетінде 27 орынға ие.

1937 жылдың шілдесінде «Яньанидегі шетелдік қытайларға арналған басқарма» құрылды. 1940 жылдың 5 қыркүйегінде алғаш рет «Шетелдік қытайлардың Яньань конгресін» ұйымдастырды. Конгресте «Яньань шетелдік қытайларын құтқарудың ұлттық қауымдастығы» құрылды, ол 1946 жылы 12 наурызда өз атауын «Яньань шетелдік қытайларының қауымдастығы» деп өзгертті, ал 1948 жылы «Азат етілген шетелдерге оралған қытайлардың Қытай федерациясы» деп өзгертілді.

1950 жылы 8 шілдеде Бейжіңде «Шет елге оралған Қытай Халық Республикасы қытайларының қауымдастығының дайындық коми-

теті» құрылды. Ол 1956 жылы 12 қазанда «Қытайлардың Бүкілқытайлық федерациясы» болып қайта құрылды (Нежданов В.Л., 2017).

2018 жылғы 21 наурызда Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті партиялық және мемлекеттік институттарды реформалауды тереңдету жоспарын жариялады. Соның ішінде шетелдік қытай азаматтарымен және қауымдастықтарымен қарым-қатынасты сақтау жауапкершілігі Мемлекеттік кеңестен Қытайдың Халықаралық істер жөніндегі кеңсесіне берілуі керек, «Шетелге оралған қытайлардың Бүкілқытайлық Федерациясының» жұмысын жандандыру керек деген шешім шығарды.

Шетелдегі неміс мәдени байланыстары қауымдастығы (VDA) – Германияның мәдени ұйымы. Қауымдастық өзін мәдениетаралық делдал және бүкіл әлемде тұратын немістер арасындағы байланысты жүзеге асырушы ұйым ретінде көреді, шетелдік немістердің тарихи отанымен әр түрлі байланыстар жасауын жан-жақты қолдайды. VDA өзінің міндеті деп: шетелдерде неміс тілі мен мәдениетін насихаттау, шетелдегі неміс жастарының тарихи отанмен қарқынды алмасуын жолға қою, шетелдік неміс институттарын, мектептер мен балабақшаларды, сондай-ақ шетелдік немісше БАҚ-ты қолдау, әлемдегі немістер арасындағы қарым-қатынастарды алға жылжыту деп санайды (Иларионова Т.С., 2007).

Бұл ұйымның ұзақ тарихы бар, түрліше аталып, көптеген атаулар берілген. 1881 жылы «Неміс тілін шетелде сақтау жөніндегі қоғамдық неміс мектебінің қауымдастығы» ретінде құрылған, 1908 жылы «Шетелдегі неміс мектептерінің қауымдастығы» деп аталды, содан кейін Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ол 1955 жылы «Шетелдік немістер клубы» деген атпен жұмыс істеді, 1970 жылы «Шетелдегі неміс мәдени байланыстарының қоғамы» деп аталды, ал 1998 жылдан бастап қазіргі атауы – «Неміс мәдениетінің халықаралық одағы», яғни, трансұлттық қоғамдық бірлестіктер қауымдастығы әлемнің көптеген аймақтарында жұмыс істейтін неміс ұлттық-мәдени орталықтарын біріктіреді.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы – трансұлттық деңгейдегі этникалық бірегейліктің үлгісі ретінде. Бірінші Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 1992 жылғы 28 қыркүйек пен 3 қазан аралығында Алматы қаласында өтті. Құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойлау, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің

тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау. Құрылтай барысында әлем қазақтарының ұйытқысы болатын қауымдастық құрылды. Ең бастысы – тұңғыш Құрылтай алыстағы ағайынның елге оралатын ұлы көшіне қозғау салып берді. Осы құрылтайда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «...Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз» – деп, «Бар қазақ – бір қазақ» деген сарындағы жалынды сөз сөйледі (Назарбаев Н., 1996).

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы – республикалық мәртебесі бар халықаралық үкіметтік емес ұйым. Қауымдастықтың негізгі міндеті – шетелдерде тұратын қазақтармен мәдени-рухани, оқу-білім және іскерлік бизнес саласында байланыс жасау. Бұл ұйым өзінің жарғысында бекітілген міндеттер аясында жұмыс ғана істейді, саяси мақсат көздемейді, шет мемлекеттердің ішкі ісіне араласпайды. Өз қызметінде Қазақстанның шетелдермен мәдени-рухани, оқу-білім және экономикалық салада жасасқан келісімшарттарын, басқа да халықаралық құжаттар мен актілерді басшылыққа алады. Ұйым қазақ диаспорасының жағдайын тиісті деңгейде зерттеп, Қазақстанның билік орындарына нақты ұсыныстар түсіреді. Сондай жұмыстар нәтижесінде 1996 жылы Қазақстанда «Шетелдік отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы атқарып жатқан шараларын негізінен мәдени-рухани және экономикалық салаларға топтастыруға болады. Ал оларды жүзеге асыру барысында қолданылатын жұмыс әдістері әр алуан, оған көкейтесті мәселелер бойынша ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар, халықаралық симпозиумдар, «дөңгелек стол» мәжілістері тақырыптық кештер, әдеби кештер, соңғы жылдары дәстүрге енген шетелдерде жыл сайын өткізіліп келе жатқан кіші құрылтайлар, өнер, кітап көрмелері, мерейтойлық басқосулар, өнер және спорт фестивалдері сияқты сан-салалы шараларды жатқызуға болады.

Әлемдегі кез келген Қазақстан секілді ұлттық унитарлы мемлекет үшін тұтастық пен тәуелсіздікті сақтаудың негізгі шарттарының бірі – азаматтарын біртұтас халық етіп біріктіру. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері атқарылған ауқымды шаралардың бірі – қандас

бауырларымыздың тарихи отанына оралуына құқықтық тұрғыдан негіз қалап, сыртқы көші-қон жұмыстарының қолға алынуы. Қазақ елінің болашағы үшін маңызы зор осы үлкен тарихи үрдістің, яғни, қандастарды Қазақстанға көшіруге жаңа серпін беретін «Нұрлы көшке» бастамашы болып, ұлы көштің басталуына қозғау салған Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың игі бастамасы еді. Соның арқасында миллионнан аса қандасымыз елге оралды, бірақ бес миллионнан астам қазақ шетелдерде тарыдай шашылып жүр.

Ғалымдар, әр ғылыми зерттеу орталығы түрлі мәліметтерді келтіріп жатыр. Кейбір орталықтар шетелдегі этникалық қазақтар саны 7 миллион десе, басқалары өзге мәліметтерді жариялауда. Біздегі мәліметке қарағанда, яғни ресми дерек бойынша осыдан бірнеше жыл бұрын 5 миллион болған. Қазіргі кезде шетелдегі этникалық қазақтар 5 миллионнан асады екен. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының мәліметінше, ресми дерек бойынша этникалық қазақтар саны 6 миллионға жеткен жоқ. Қандастардың көбісі Өзбекстанда, Қытайда, Ресейде және Моңғолияда өмір сүріп жатыр. Түркия мен Еуропада да бар, бірақ айтарлықтай көп емес (Ғаббасов Р., 2020).

Титулды ұлт ұғымын XIX ғасырдың соңында алғаш рет ғылыми айналысқа енгізген француз ғалымы Морис Баррес кез келген ұлттық мемлекеттің күшті болуы үшін екі шарт қажет деп көрсеткен: бірінші, ел ішіндегі азшылық диаспоралар титулды ұлтқа лоялды болып, оның басымдығын мойындап, салт-дәстүрін сыйлап, мәдени ерекшеліктерін құрметтеп, түсіністікпен қарауы тиіс; екінші, титулды ұлт шетелдерде жүрген өзінің қандас бауырларын қорғап, жан-жақты қолдау жасап отыруы тиіс (Мұсатаев С., 2016).

Шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыстарды орнықтыруда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы маңызды орынға ие. Бұл қоғамдық ұйым шетелдік отандастарымызға өз ана тілін, салт-дәстүрлерін сақтауға, қазақ тілінде білім алуына септігін тигізеді. Таяу және алыс шетелдерде қоныстанған қандастарымыздың байланыс орнатуына (атамекенге оралған жағдайда жаңа ортаға бейімделуіне) қиындық тудыратын проблемалардың бірі – әртүрлі әліпбиіді қолдануы, дәлірек айтқанда, үш түрлі алфавитпен: кириллицамен, латын әріптерімен және араб жазуын пайдалануы. Мәселен, Қытай мен Иранда тұратын қазақтар араб графикасын пайдаланады, Түркия қазақтары латын әліпбиін

қолданады, сол сияқты Өзбекстан мен Түркіменстан қазақтары да латын әліпбиіне көшті, ал Ресей, Қырғызстан мен Моңғолияда тұратын қазақтар кириллицамен жазады. Ұзақ уақыт бойы қалыптасқан бұл құбылыс қазақ диаспоралары арасында да, Қазақстандағы туыстарымен де жақындасу процесін қиындатады.

Сонымен қатар, шетелдерде шашырап қазақ диаспораларына төл мәдениетін сақтауға, өз ана тілінде газет-журнал шығаруы, теле-радио хабар тарата алуы, қазақ мектептерінің болуы сияқты көп мәселелердің шешімі табылмай тұр. Алысқа бармай-ақ, солтүстіктегі көршіміз, кедендік одақтасуымыз Ресейде миллионға тақау қазақ тұрса да, олардың қазақ тілінде білім алуы қиын. **Ресей қазақтарының федералдық ұлттық-мәдени автономиясының президенті Токтарбай Дүйсенбаев Азаттық радиосына берген сұхбатында Ресейде дербес қазақ мектебі жоқ екенін айтты. Тіптен, қазақ мектебі былай тұрсын, амал жоқтан орыс мектебіне баратын қазақ балаларына «Қазақ тілі» пәні толық оқытылмай, қысқартылған факультативтік сабақ жүреді екен. Бір жарым миллиондай қазақ тұратын көрші Қытайда да қазақ мектептері жабылған, Өзбекстан да қазақ мектептерін қысқартып жатыр.**

Қорытындылай келе, шетелдегі қазақ диаспораларының рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін әлі де көп жұмыс істеу керек. Сондай-ақ, халықаралық аренада шетелдік қандастардың құқықтарымен бостандықтарының қорғалуына, мәдени-рухани дамуына атсалысуымыз қажет, мұндай тәжірибе әлемнің көптеген елдерінде бар. Бірақ қазақ диаспораларының бірлестіктері бәр жағынан тарихи отанымен, екінші жағынан өздері мекендейтін тұрғылықты елдің халқымен және мемлекеттік институттарымен өзара қарым-қатынас тактикасы болған кезде, олармен жан-жақты диалогты жолға қойған және жүзеге асырған кезде гармониялы өмір сүріп, нәтижелі жұмыс істей алады. Бұл ретте отандастармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру мен ұйымдастырудың бірыңғай үйлестіру

орталығы ретінде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының қызметін жандандыру аса маңызды.

Қорытынды

Әлемдегі көптеген елдер шетелдергі өздерінің диаспораларымен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы патриоттық рухты дамытуда, шетелдік диаспоралардың әлеуетін ұтымды пайдаланып, тарихи отанын жаңғыртуға белсенді атсалысуда. Бұл жерде елдің іші мен сыртындағы диаспоралардың бір-біріне деген сенімі, ұлтжандылығы мен отаншылдығы, екі тараптың да өзара ынтымақтастыққа негізделген сыйластығы жатыр. Қазақстан диаспоралық ұлт саясатында прагматизмді басшылыққа алуы тиіс, шетелдік қазақтарды атамекенді дамытуға тарта білуі керек, олардың қазақстандық экономика мен мәдени-рухани өміріге кірігуіне жан-жақты жағдайлар жасауы қажет. Бұл тұрғыда Қазақстанның шетелдік тәжірибеден көп сабақ алуына болады, шетелде тұратын алты миллионға тақау қазақ диаспорасымен тығыз қарым-қатынас жасап, іскерлік байланыстар орнату арқылы елімізге пайдалы қыруар істерді атқаруға болар еді.

Қазақстанда осы мақсат үшін Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы құрылғаны белгілі, алайда бұл құрылымның қызметін жетілдіруіміз қажет. Ақпарат ғасырында, оның үстіне пандемия жағдайында интернет арқылы хабар алмасудың бірден бір жолы екенін ескерсек, Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы сайтының тұрақты және мазмұнды жұмыс істеуі барша қазақтар үшін өте маңызды. Бұдан бөлек балама интернет сайт болғаны да дұрыс, сонымен бірге әлеуметтік желілер арқылы да әлемдегі қазақтармен қарым-қатынасты дамыту аса маңызды. Жалпы, шетелдегі қазақ диаспорасымен байланыс орнату біздің мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болуы тиіс (бұл сыртқы саяси, мәдени, ақпараттық, білім-ғылым салаларын кешенді қамтуы керек).

Әдебиеттер

Gabriel Sheffer. Diaspora Politics: At Home Abroad. Cambridge University Press. Printed in the United Kingdom at the University Press. – Cambridge, 2003. – P. 17.

Carolyn Yeager. A History of the World Jewish Congress, New York, 2017 // <https://carolnyeager.net/history-world-jewish-congress>

Ғаббасов Р. Шетелде 5 миллионнан астам қандас тұрады – Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы // https://www.inform.kz/kz/shetelde-5-millionnan-astam-kandas-turady-duniezhuji-kazaktary-kauymdastygy_a3644830

Иларионова Т.С. Международный опыт самоорганизации национальных меньшинств и возможности его применения российскими немцами // Немцы России: исторический опыт и современные проблемы самоорганизации: Материалы международной научно-практической конференции. Москва, 29–30 октября 2007 г. – М.: «МСНК-пресс», 2008. – С. 108-115.

Кочетков В.В., Калинин В.Ю. Национальные диаспоры в транснациональном пространстве // <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnye-diaspory-v-transnatsionalnom-prostranstve>

Ким А.С. Транснациональность диаспоральных процессов // <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnost-diasporalnyh-protsessov>

Ким Г.Н. Диаспоры Казахстана: единство в многообразии: сборник статей: под редакцией д.и.н., профессора Г.Н. Кима. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 249 с.

Мұсатаев С. Ұлттық мүдденің ақиқаты мен аманаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 390 б.

Назарбаев Н. Бауырларымызға құшағымыз ашық (Дүние жүзі қазақтары құрылтайының 1992 ж. 1 қазандағы салтанатты мәжілісіндегі сөзі) // Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 55-57 б.

Назарова Г.Ф., Фокина А.В. Русский мир: обновление подходов к концепции // Ученые записки Орловского государственного университета. – №6 (69), 2015. – С. 338-342

Joseph S. Nye, Jr. and Robert O. Keohane. Transnational Relations and World Politics: A Conclusion Author(s): Joseph S. Nye, Jr. and Robert O. Keohane Source: International Organization, Vol. 25, No. 3, Transnational Relations and World Politics (Summer, 1971), pp. 721-748 Published by: Cambridge University Press Stable URL: <http://www.jstor.org/stable/2706066>

Нежданов В.Л. Китайская диаспора и Китай: общественные и экономические отношения для взаимного политического блага // Общество и государство в Китае. – 2017. – № 2. – С. 246.

Толковый словарь английского языка Мерриам-Уэбстер [Merriam-Webster's Explanatory Dictionary of the English Language] // <https://slovar-vocab.com/english/merriam-webster-dictionary.html>

United nation. Population Division. International Migration 2020 // <https://www.un.org/development/desa/pd/news/international-migration-2020>

Чинь Тхи Тхуй Линь. Понятие «транснационализация», транснациональные корпорации и их прототипы // Век. – 2010. – № 10. – С. 33.

References

Gabriel Sheffer. Diaspora Politics: At Home Abroad. Cambridge University Press. Printed in the United Kingdom at the University Press. -Cambridge, 2003. –P. 17.

Carolyn Yeager. A History of the World Jewish Congress, New York, 2017 // <https://carolynyeager.net/history-world-jewish-congress>

Gabbasov R. SHetelde 5 millionnan astam qandas turady - Dyniezhzyzi qazaqtary qauymdastygy [More than 5 million relatives live abroad - Association of Kazakhs of the World] // https://www.inform.kz/kz/shetelde-5-millionnan-astam-kandas-turady-duniezhuzy-kazaktary-kauymdastygy_a3644830

Иларионова Т.С. Mezhhdunarodnyi opyt samoorganizatsii natsionalnyh menshinstv i vozmozhnosti ego primenenija rossiiskimi nemtsami [International experience of self-organization of national minorities and the possibility of its application by Russian Germans] // Nemtsy Rossii: istoricheskii opyt i sovremennye problemy samoorganizatsii: Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. Moskva, 29–30 oktjabrja 2007 g. –M.: «МСНК-пресс», 2008. –С. 108-115.

Kochetkov V.V., Kalinkin V.Ю. Natsionalnye diaspory v transnatsionalnom prostranstve [National diasporas in the transnational space] // <https://cyberleninka.ru/article/n/natsionalnye-diaspory-v-transnatsionalnom-prostranstve>

Kim A.S. Transnatsionalnost diasporalnyh protsessov [Transnationality of Diaspora Processes] // <https://cyberleninka.ru/article/n/transnatsionalnost-diasporalnyh-protsessov>

Kim G.N. Diaspory Kazahstana: edinstvo v mnogoobrazii: sbornik statei: [Diasporas of Kazakhstan: unity in diversity] pod redaktsiei d.i.n., professora Kima G.N. – Алматы: Qazaq universiteti, 2018. – 249 s.

Musataev S. Ultyq myddening aqiqaty men amanaty [The truth and trust of the national interest]. –Almaty: Qazaq universiteti, 2016. –390 b.

Nazarbaev N. Bauyrlarymyzga qushagymyz ashyq (Dynie zhzyzi qazaqtary quryltainyng 1992 zh. 1 qazandagy saltanatty mazhilisindegi sozi) [Our arms are open to our brothers] // Tauelsizdigimizding bes zhyly. -Almaty: Qazaqstan, 1996. -55-57 b.

Nazarova G.F., Fokina A.V. Russkii mir: obnovenie podhodov k kontseptsii [Russian world: updating approaches to the concept] // Uchenye zapiski Orlovskogo gosudarstvennogo universiteta. №6 (69), 2015. –S. 338-342

Joseph S. Nye, Jr. and Robert O. Keohane. Transnational Relations and World Politics: A Conclusion Author(s): Joseph S. Nye, Jr. and Robert O. Keohane Source: International Organization, Vol. 25, No. 3, Transnational Relations and World Politics (Summer, 1971), pp. 721-748 Published by: Cambridge University Press Stable URL: <http://www.jstor.org/stable/2706066>

Nezhdanov V.L. Kitaiskaja diaspora i Kitai: obshchestvennye i ekonomicheskie otnosheniya dlja vzaimnogo politicheskogo blaga [Chinese Diaspora and China: Social and Economic Relations for Mutual Political Benefit] // Obshchestvo i gosudarstvo v Kitae. -2017. -№ 2. –S. 246.

Tolkovyi slovar angliiskogo jazyka Merriam-Uebster // <https://slovar-vocab.com/english/merriam-webster-dictionary.html>

United nation. Population Division. International Migration 2020 // <https://www.un.org/development/desa/pd/news/international-migration-2020>

Chin Thi Thui Lin. Ponjatie «transnatsionalizatsija», transnatsionalnye korporatsii i ih prototipy // Vek. 2010. № 10. –S. 33.